



**" Оқыту әдістемесі " пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін " Оқыту әдістемесі" пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Дидактика	01	Оқыту процесі түсінігі мен мәні.
		02	Оқыту заңдылықтары мен принциптері
		03	Білім беру мазмұны туралы ұғым. Білім беру мазмұнын анықтайтын құжаттар.
		04	Оқыту әдістері туралы ұғым, олардың жіктелуі.
		05	Оқыту түрлері мен формалары. Сабақтың типтері мен құрылымы. Сабаққа қойылатын талаптар.
		06	Оқыту процесіндегі бақылау. Білімді бақылаудың әдістері мен түрлері.

4. Тапсырма құрамының сипаттамасы:

Педагогиканың жалпы негіздері.

Педагогика пәні, негізгі ұғымдары. Педагогика салалары, басқа ғылымдармен байланысы. Педагогика ғылымының зерттеу әдістері. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі.

Тәрбие теориясы.

Тәрбие процесінің мәні мен мазмұны. Тәрбие принциптері. Ұжымға педагогикалық басшылық. Тәрбие әдістері, топтастырылуы.

Дидактика.

Оқыту процесі түсінігі мен мәні. Оқыту заңдылықтары мен принциптері.

Білім беру мазмұны туралы ұғым. Білім беру мазмұнын анықтайтын құжаттар.

Оқыту әдістері туралы ұғым, олардың жіктелуі. Оқыту түрлері мен формалары. Сабақтың типтері мен құрылымы. Сабаққа қойылатын талаптар. Оқыту процесіндегі бақылау. Білімді бақылаудың әдістері мен түрлері.

5. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 60 минут.

6. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының эквиваленттілігін:

- тесттің спецификациясына қатаң сәйкестікте құрастырылуы;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында орналастырылуы;
- барлық нұсқаларда бірдей қиындық деңгейінің сақталуы қамтамасыз етеді.

Бір тестте – 20 тапсырма.

7. Бағалау: дұрыс орындалған әрбір тапсырма үшін - 1 балл.

Дұрыс орындалмаған тапсырма – 0 балл.


Тест тапсырмасын толығымен дұрыс орындағанда – 20 балл.


8. Ұсынылған әдебиеттер:

1. «Педагогика» Оқулық, Ш.Құрманалина, Б.Мұқанова, Ә.Ғалымова, Р.Ильясова . Астана «Фолиант» баспасы, 2014.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті


_____ (қолы) (Т.А.Ә)
« _____ » _____ 2023ж.



A collection of handwritten signatures and initials in blue ink, including a large signature at the top right and several smaller ones below it.